

ӘОЖ 341. 16

А.Ш. Әмірбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, PhD докторант, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: amir. alua@gmail. com

### Әлемдік сауда қатынастарын реттеу институтының қалыптасуы және дамуы

Мақалада дүниежүзілік сауда ұйымының қалыптасу тарихы мен сауда қатынастарын реттеудің халықаралық құқықтық жүйесінің эволюциясы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Дүниежүзілік сауда ұйымы, қалыптасу тарихы, ГАТТ, келісімдер.

A.Sh. Amirbekova

### The formation and evolution of the institute governing world trade

The paper examines the history of the formation of the World Trade Organization and the evolution of the international legal system on regulation of trade relations.

**Keywords:** World Trade Organization, history of formation, GATT, agreements.

А.Ш. Амирбекова

### Становление и развитие института, регулирующего мировую торговлю

В статье рассматривается история становления Всемирной торговой организации и эволюция международной правовой системы по регулированию торговых отношений.

**Ключевые слова:** Всемирная торговая организация, история становления, ГАТТ, соглашения.

Ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін халықаралық сауда алтын стандартымен реттеліп отырды. Алайда бұл жүйені қалыпты ұстау қиын болғандықтан, 1920 жылдары халықаралық есеп айырысу ағылшындық фунт стерлинг пен америкалық доллармен жүргізіле бастады. Дегенмен бұл жүйе де толығымен тиімді болмай, Ұлы депрессияға әкелген себептердің бірі болды [1, с. 243]. Депрессиядан шығудың басты шарты сыртқы сауданы бақылау деп білген мемлекеттер тауарларының бәсекелестігін өз валютасын девальвациялау және квоталар мен тарифтер енгізу арқылы реттеуді жөн көрді. Бұл әрекеттер ұлттық өндірісті қорғағанымен, халықаралық сауданың әлсіреуіне алып келді. Кедендік салықтарды көтеру экономиканың дамуынан гөрі әлсіреуіне әкелгендіктен, тарифтерді төмендету туралы екі жақты келісімге келу туралы шешімдер

қабылдана бастады. Алайда үшінші мемлекеттер екі жақты келісімдерден пайда көреді деген күдік және импорт квоталарын басқа мемлекеттердің оны пайдаланып кетуіне қарсы шара ретінде қолданылуы екі жақты келісімдердің тиімді емес екендігін көрсетті [1, с. 244].

Халықаралық сауданы реттеуге арналған әрекеттер жасалғанымен, олар жүйелі түрде жүргізілмегендіктен нәтиже бермеді. Сондықтан халықаралық сауданы реттеу көпжақты түрде болуы және халықаралық институт құру арқылы іске асырылуы қажеттігін дамыған елдердің басым бөлігі түсіне бастады [1, с. 244].

1944 жылы Бреттон-Вудста (АҚШ) өткен конференцияның нәтижесінде, Халықаралық валюта қоры мен Халықаралық қайта құру және даму банктерімен қатар Дүниежүзілік сауда ұйымын құру арқылы Бреттон-Вудс

жүйесін толықтыру қажет екендігі айқындалды. Алайда Дүниежүзілік сауда ұйымын құру процесі ұзақ және күрделі болды.

Халықаралық сауда жүйесін реттеу туралы алғашқы жария ұсыныс АҚШ-та дайындалып, 1945 жылы «Сауда және сауданы дамыту» Халықаралық конференциясында талқыға түскен болатын. Бұл ұсыныста БҰҰ-ның Халықаралық сауда ұйымын құру мәселесі көтеріліп және БҰҰ мүшелері осы ережелерді сақтауға міндетті болу қажет деп көрсетілген [3, с. 3]. АҚШ-тың ұсынысымен 1946 жылдың ақпан айында БҰҰ-ның экономика және әлеуметтік Кеңесі өндірісті, халықаралық сауда және тауар тұтынуды кеңейту мақсатымен сауда және жұмыспен қамту туралы халықаралық конференцияны шақыру туралы Резолюция қабылдады [3, с. 3]. Осы қарарды негізге ала отырып, Жарғыны дайындау үшін комитет құрылып, өз жұмысын бастады. Ал осы жылдың қазан айында Лондонда алғашқы рет халықаралық сауда ұйымының жарлығын құру үшін жиналды [2, р. 78]. Кездесу 1947 жылдың сәуір және қараша айы аралығында өтіп, үш негізгі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңі халықаралық сауда ұйымының жарлығын құруды жалғастыруға, екінші кезеңі тарифтерді қысқарту үшін көп жақты сауда келіссөздеріне, үшінші кезеңі тариф міндеттемелеріне байланысты «негізгі жалпы ережелер» жобасын жасауға арналды. Соңғы екі кезеңде Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің (General Agreement on Tariff and Trade – ГАТТ) негізі жасалды. ГАТТ жобасындағы «негізгі ережелер» мемлекеттерге саудаға кедергі жасайтын шаралар қолданудан бас тарту міндеттемесі туралы болған [2, р. 78]. Дегенмен шешім қабылдау механизмі, атқарушы кеңес құрылымы және ұйым мүшелері мен ұйымға мүше еместер арасындағы арақатынас сияқты мәселелер бойынша келісімге келе алмағандықтан, жарғыны қабылдау процесі толығымен іске асырылмай, 1947 жылы Гаванада өтетін дүниежүзілік конференцияда талқылауға қалдырылды [2, р. 78]. 53 мемлекет қол қойған халықаралық сауда ұйымы жарғысы осы конференцияда қабылданып, Гавана хартиясы деген атауға ие болды. Хартияның бір бөлігінде Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімді (бұдан әрі-ГАТТ) мәтіні, екінші бөлігі картельдер қызметін реттеу, үшінші бөлігі БҰҰ-ның арнайы агенттігі ретінде дүниежүзілік сауда ұйымының

қызметі белгіленді [4]. Алайда ДСҰ жарғысында соғыстан кейінгі көпшілік мемлекеттердің экономикадағы қателіктері белгіленгенімен, осы жағдайды түзету үшін шаралар белгіленбей, мәселені шешу белгісіз уақытқа шегеріліп қойылды [4, с. 29]. Сонымен қатар құжаттың осал тұсы – Хартияның негізгі принциптерін бұзуға мүмкіншілік беретін тетіктер (escape clause) беделді мемлекеттердің ықпалымен жасалынған болатын [4, с. 30]. Аталған кемшіліктерге қарамастан қатысушы мемлекеттер Хартияға қол қойып, оның мазмұнымен келіскен болатын. Гавана Хартиясы конференцияға қатысушы мемлекеттердің заң шығарушы органдарының ратификациялауынан кейін ДСҰ жұмысқа кірісуі қажет еді. Алайда қатысушы мемлекеттер алдымен, Хартияны АҚШ Конгресінде ратификациялануын күтуді жөн көрді. АҚШ Конгресі жаңадан билікке келген республикалықтардың ықпалымен Хартия мәтінін жеткілікті түрде либералды емес деп сылтауратып, Хартияны ратификацияламады. Оның орнына АҚШ-тың ГАТТ-та тиімді түрде мүше болуы үшін заңнамалық шаралар қолдану мүмкіндігін ойластыру қажет деп шешті [4, с. 31]. Осы жағдайға байланысты барлық қатысушылардың мүддесін көздейтін ДСҰ жарлығын дайындау ұзаққа созылатындығы байқалған еді. Ал тарифтерді төмендету туралы келіссөздерге қатысқан комитет мүшелері тарифтерді төмендету туралы ниеттерін білдіргендіктен, бұл келіссөздер табысты болатындығы байқалды [4, с. 33].

Келісім іске асырылғанға дейін тариф төмендетулерінің мазмұнының ашылу қаупі нарық құлдырауына, спекуляция және саяси оппозиция әрекеттеріне әкелуі мүмкін болғандықтан, келісімді тезірек іске асыру қажет етті [4, с. 36]. Бірақ ГАТТ ережелеріне қарсы келетін ішкі заңдарға түзетулер енгізу қажет болғандықтан, ГАТТ-тың 1947 жылғы келіссөзіне қатысушы жиырма үш мемлекеттің сегізі (Австралия, Бельгия, Франция, Люксембург, Голландия, Ұлыбритания, АҚШ, Куба) «Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімін уақытша қолдану туралы хаттамаға» қол қойды. Хаттамаға сәйкес уағдаласушы тараптар ГАТТ I және III бөлімін толығымен, ГАТТ II бөлігін ағымдағы заңнамаға қарама-қайшы келмеген жағдайда қолданады деп бекіткен. Яғни хаттама ГАТТ II бөлігіне сәйкес келмейтін

қолданыстағы заңнаманы сақтау құқығын береді, басқаша айтқанда, «қолданыстағы заңнама ерекшелігі» деп атауға болады [5, р. 24]. Сондықтан 1995 жылға дейін ГАТТ-тың жұмысы 1947 жылғы уақытша хаттамаға негізделді [2, с. 79].

ГАТТ тариф төмендетуге байланысты көпжақты келісім болып табылғанымен, құрылтайшылық акті мен ұйымдық құрылымының болуы, халықаралық заң шығаруға қатысуы, Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасының болуы ГАТТ-тың факто халықаралық ұйым ретінде танылуының себебі болды [6, с. 11]. Өзінің институционалды кемшіліктеріне қарамастан, ГАТТ тауар саудасындағы тарифтерді төмендетуде үлкен

жетістіктерге қол жеткізді. 1947-1994 жылдар аралығындағы сегіз келіссөз нәтижесінде дамыған мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға орташа тариф мөлшері 40 пайыздан 4 пайызға дейін төмендетілді [2, р. 79]. Алғашқы раундтар тарифтерді төмендетуге бағытталса (1-кесте), ал Кеннеди (1964-1967 жж.) раундынан кейін тарифтік емес барьерлерді төмендету қолға алынды. Токио раунды (1973-1979 жж.) тиімді нәтижелерге қол жеткізгенімен, уағдаласушы тараптар арасында толық түсіністіктің болмауына байланысты келісімдер мен кодекстерді іске асыруда қиындықтар сақталып қалды. Сонымен қатар келісімдер көпжақты емес плюралатералды болғандықтан, барлық уағдаласушы тараптарға міндетті болмады [2, р. 81].

**1-кесте** – 1943-1994 жж. ГАТТ шеңберінде тарифтерді төмендету кезеңдері.

Раунд	Тарифтерді төмендету, %	1930 жылға қарағанда қалған мөлшер, %
ГАТТ-қа дейін, 1934-47	33,2	66,8
Бірінші, 1947	21,1	52,7
Екінші, 1949	1,9	51,7
Үшінші, 1950-51	3,0	50,1
Төртінші, 1955-56	2,5	48,9
Диллон раунды, 1961-62	2,4	47,7
Кеннеди раунды, 1964-67	36,0	30,5
Токио раунды, 1973-79	29,6	21,2
Уругвай раунды, 1986-94	30,0	14,8

Цит.: Минкова К.В. Либерализация международной многосторонней торговли в ВТО во второй половине XX-начале XXI в: диссертация... кандидата исторических наук. – СПб., 2006. – с. 51.

80-жылдардың басында кеңінен дами бастаған қызметтерді сату мен интеллектуалды меншікті қорғау сияқты жаңа бағыттар бұрын-соңды ГАТТ ережелерімен реттелмеген еді [7]. Сондықтан халықаралық сауданың дамуына байланысты туындаған жаңа мәселелерді шешу үшін ГАТТ-ты жетілдіру мен жаңғырту қажеттігі туындады. Алдыңғы раундтарда шешілмеген мәселелердің көбеюі және ушығуына байланысты сауда келісімдерінің жаңа раундының қажет екендігін көрсетті. Осыған орай 1986 жылы Уругвайдың Пунта-дель-Эстеде қаласында жаңа раундтың ашылуы туралы Декларация қабылданды. Декларацияға сәйкес раунд тау-

арларды сату келісімі және қызметтерді сату келісімі бөліктерінен тұрды. Уругвай раунды барысында мынадай негізгі мәселелер талқыланды:

- тарифтерді қысқарту;
- тарифтік емес шараларды азайту немесе жою;
- тропикалық өнімдер саудасын либерализациялау;
- табиғи ресурстарға негізделі жасалатын өнімдер саудасын либерализациялау;
- тоқыма және киім секторын ГАТТ ережелеріне біртіндеп бейімдеу;
- ауыл шарушылық саласындағы сауданы либерализациялау және импортқа шығу (import

access) мен экспорттық бәсекелестікке ықпал ететін барлық шараларды ГАТТ нормаларына сай реттеу;

- қорғау ескертпесі туралы келісім-қорғау шараларына тыйым салу;
- субсидиялар және компенсациялық шаралар туралы келісім;
- дауларды шешу үшін бірыңғай орган құру (Токия раунды кезінде дауларды әрқайсысы өз процедурасы бойынша шешетін);
- интеллектуалды меншікті қорғау;
- инвестициялық шаралар;
- ГАТТ жүйесінің жұмысын реттеу;
- қызметтерді сату.

Шамамен жеті жылға жуық жүргізілген жұмыс нәтижесінде 1994 жылдың сәуір айында қорытынды акт қабылданып, Марракеште Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісімге қол қойылды. Марракеш келісімі 16 баптан және төрт қосымшадан тұрады:

- 1--қосымша:

1А қосымшасында ГАТТ-1994 (қайта қаралған ГАТТ-1947), алты уағдаластық (Understanding), ГАТТ-1994 келісіміне тікелей тіркелген Марракеш Хаттамасы және белгілі баптарға түсінік беретін, тауарлардың бөлек категорияларын реттейтін, тауарлар саудасына

әсер ететін түрлі шараларды қолдануды реттеуге байланысты он екі келісім тіркелген;

1В қосымшасында қызмет көрсету саудасы жөніндегі Бас келісім (ГАТС) тіркелген;

1С қосымшасында Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісім тіркелген;

- 2-қосымшада Дауларды шешудің ережелері мен рәсімдеріне қатысты түсінік тіркелген;
- 3-қосымшада Сауда саясатын шолу тетігі;
- 4-қосымшада азаматтық авиатехника саудасы және үкіметтік сатып алулар бойынша қатысушылар саны шектелген көпжақты сауда келісімдер тіркелген.

Бүкіл әлемдік сауда ұйымына мүше болған елдер өздерінің құқықтық жүйесін осы келісімде қабылданған нормаларға бейімдеуі қажет. 2012 жылы дүниежүзілік сауда ұйымына 157 ел мүше, 25 ел бақылаушы болды. Қазақстан Республикасы 1996 жылдан бастап ДСҰ-ға мүше болуға дайындық шараларын бастады. Сол жылы елімізге бақылаушы дәрежесі берілді. 2003 жылы Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелікке өтуінің ақпараттық кезеңі аяқталды. 2013 жылы Қазақстан Кеден Одағы елдерімен бірге дүниежүзілік сауда ұйымына қабылданады деп күтілуде.

### Әдебиеттер

- 1 Бородулина Л. П. Международные экономические организации: учеб. пособие. – М. : Экономистъ, 2005. – 243 с.
- 2 Van den Bosshe P. The Law and Policy of the World Trade Organization. Text cases and materials. – nd ed. Cambridge, 2008. – 917 p.
- 3 Analytical Index of the GATT. – 1150 p.
- 4 Минкова К. В. Либерализация международной многосторонней торговли в ВТО во второй половине XX-начале XXI в: диссертация... кандидата исторических наук. Санкт-Петербург, 2006. –208 с.
- 5 Jackson J. H. The Jurisprudence of GATT and the WTO: Insights on treaty law and economic relations. – Cambridge, 2000. – 497 p.
- 6 Трунк-Федорова М. П. Разрешение споров в рамках Всемирной Торговой организации (ВТО). – Санкт-Петербург, 2005. – 312 с.
- 7 Григорян С.А. Эволюция правовой системы ГАТТ// Внешняя торговля. – 2000. – №2. – С. 29-31.

### References

- 1 Borodulina L. P. Mezhdunarodnye ekonomicheskie organizacii: ucheb. posobie. – М. : Ekonomist, 2005. – 243 s.
- 2 Van den Bosshe P. The Law and Policy of the World Trade Organization. Text cases and materials. – nd ed. Cambridge, 2008. – 917 p.

---

3 Analytical Index of the GATT. – 1150 p.

4 Minkova K. V. Liberalizaciya mezhdunarodnoi mnogostoronnei torgovli v VTO vo vtoroi polovine XX-nachale XXI v: dissertaciya...kandidata istoricheskikh nauk. Sankt-Peterburg, 2006. –208 s.

5 Jackson J. H. The Jurisprudence of GATT and the WTO: Insights on treaty law and economic relations. – Cambridge, 2000. – 497 p.

6 Trunk-Fedorova M. P. Razreshenie sporov v ramkahVsemirnoiTorgovoioorganizacii (VTO). – Sankt-Peterburg, 2005. – 312 s.

7 Grigoryan S.A. Evolyuciya pravovoisistemy GATT// Vneshnyaya torgovlya. – 2000. – №2. – s. 29-31.